

**Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы**

**№3.**

**№19 Қ.Сәтпаев атындағы Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы**

**2020-2021 оқу жылы.**

**Күні:** 25 маусым

**Қатысуға тиісті:** 9 адам Қамқоршылық кеңесі мүшелері.

**Қатысқандар:** Рахметова Э.- Қамқоршылық Кеңесі төрайымы,

Мүшелері: Хайруллина Галия, Жұмағалиева Жанар, Амирова Арай, Идрисова Райгүл, Зекенова Бақытжамал, Абсатырова Зухра, Есекенова Ақгүл, Мұханалиева Аяжан.

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

- 1) Әлеуметтік жағдайы төмен оқушылардың маусым айындағы оқу құралдарымен қамтылғаны жөнінде,
- 2) Жазғы лагерьдің ұйымдастырылуы, 5-11 аралығындағы жетім және жартылай жетім, көп балалы отбасыдан шыққан оқушыларды басқа қалаға лагерьге жіберуге ұсыныс.

**Тындалды:**

- 1) Кеңес төрайымы Э.Рахметова сөз алып, 2020-2021 оқу жылы, маусым айында әлеуметтік осал топтағы оқушыларға «Абди Екон»-нан жалпы құны 249997,44 теңге болатын оқу құралдары алынып, таратылғандығы жөнінде ата-аналарға мәлімет берді, ата-аналар осындай көмек қолы үшін өз алғыстарын жаудырды.
- 2) Әлеуметтік педагог Даумова Гүлдана сөз алып әлеуметтік жағдайы төмен және Жетім, жартылай жетім, аз қамтылған, және көп балалы отбасыдан шыққан оқушыларды атап, Жазғы лагерьге арнап жазған ата-аналар өтініштерін көрсетті, жағдайларын түсіндіріп, және ата-аналарының жазған арыздары мен жиналған құжаттарын ұсынды.

Кеңес төрайымы Рахметова Э. және мектеп директоры А.Қ.Мырзағалиев шешімдері бойынша шілде мен тамыз айларында мектепте мектепшілік, бастауыш сыныптарына арналған 2 мезгілдік лагерь ұйымдастырылатынын және Ата-ана қамқорлығынсыз қалған 1 оқушы мен, көп балалы отбасыдан шыққан 2 оқушы Алматы қаласында ұйымдастырылатын «Тенгри Тур» атты жазғы сауықтыру орнына лагерьге баратыны жөнінде ата-аналарға хабарлады. Ата-аналар бірауыздар келісті.